

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Сізге, "Қалдық заттарға екінші өмір сыйла!" атты VI өңірлік аудандық байқауы 2025 жылдың 28 қарашасында «Жас натуралистер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сағат 10:00 де өткізілетіндігін хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі, қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары қатысы алады.

Байқауға қатысу туралы сұраныстар **2025 жылдың 26 қараша күніне дейін** **zhas_naturalist@bk.ru** электронды почтаға қабылданады. Кешіктірілген өтінімдер мен жұмыстар байқауға қатыса алмайды.

Осыған орай, байқаудың ережесі қосымша жолданады.

Қосымша: 3 парақта

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.Сванов



«БЕКІТЕМІН»

Ақтөбе облысының Білім және Ғылым Бөлімі

Ақтөбе ауданының Мәдениет және Спорт бөлімінің басшысы

М.Сванов

2025 жыл

Аудандық «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла!» атты VI өңірлік аудандық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

1.1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Қамқор» жобасы аясында өкізілетін «қалдыққа екінші өмір сыйлау – жауапты әрі адал таңдаудың белгісі» және «қалдықты қайта қолдан - табиғатқа адал бол!» ұрандары мен өскелең жас ұрпақтың бойына әлеументтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы «Жас натуралистер станциясы» КММ-сі

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты:

- Жауапкершілік, адалдық, еңбекеуігіштік сияқты құндылықтарды насихаттап, «Адал азамат» бағдарламасының тәрбиелік бағытын күшейту;
- Оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға баулу;
- Жас ұрпақтың шығармашылығын арттырып, экологиялық мәселелерге қатысты белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру.

2.2. Міндеттер:

- оқушыларға тұрмыстық қалдықтардан жаңа, пайдалы бұйымдар жасау жолдарын үйрету;
- «Адал азамат» тәрбие бағдарламасында көрсетілген құндылықтарды практикада қолдануға мүмкіндік жасау.

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті:

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құралады (бұдан әрі-Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті :

- Байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;

- Байқаудың өткізу күнін белгілейді;
- Байқауға қатысу үшін өтінімдерді және қажетті материалдарды қабылдайды;
- Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- Іс- шараның түрлерін анықтайды;
- Байқау нәтижесін талдайды және анықтайды;
- Байқаудың дайындығын, өткізу барысын және нәтижесін БАҚ –та жария етілуін қамтамасыз етеді.

3.2. Қазылар алқасы Байқау қатысушыларының жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

3.3. Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынған материалдары негізінде келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- жұмыстың белгіленген тақырыпқа сәйкестігі;
- тақырыпты ашу деңгейі, баяндаудың логикаға сәйкестігі;
- сауаттылығы, мазмұны, әдеби мәліметтерді пайдалануы;
- дерек пен дәйектің шынайылығы.

IV .Байқаудың қатысушылары

4.1.Байқау екі жас ерекшелік категориялары бойынша өткізіледі:

- 9-12 жас аралығы;
- 13-15 жас аралығы

4.2. Байқау сырттай өтеді.

V. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1. **2025 жылдың 28 қарашасында өткізіледі.** Әр мектептен екі жас ерекшеліктен екі оқушы қатыса алады. Байқауға қатысу туралы өтінімдер **2025 жылдың 26 қараша күніне дейін zhas_naturalist@bk.ru электронды почтаға қабылданады.**Кешіктірілген өтінімдер мен жұмыстар байқауға қатыса алмайды.

Құлан ауылы , Абай көшесі №1 мекен- жайына өткізілуі тиіс.

5.2. Әділ қазылар шешімі қайта қарауға жатпайды.

5.3. Байқауға жіберілген материалдар мен жұмыстар кері қайтарылмайды.

5.4.Байқаудың өтетін орны: **«Жас натуралистер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Ескерту: Байқау бойынша сұрақтарға 8 775 479 0050 номеріне хабарласуға болады.

VI Байқауға қойылатын талаптар

6.1. Тағам қалдықтары, қайтарылатын шыны (бутылка), басқа да шыны ыдыстар, пластикалық ыдыстар мен пакеттер, қағаздар, газеттер, қатты қағаздар (картон), киімдер, ағаштар және т.б. заттардан жасалынуы керек.

6.2. Жұмыстың атауы, автордың аты-жөні , мектебі, сыныбы және жетекшесінің аты-жөні көрсетілуі тиіс.

6.3. Байқауға өткізілген бұйымдар қайтарылмайды.

6.4. Байқауға қатысушы өз жұмысын қорғауға тиісті.

VI. Байқаудың қортындысын шығару және марапаттау

7.1. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпазын анықтайды. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Өтілетін күні: 28 қараша 2025 жыл

Ұйымдастырушы : «Жас натуралистер станциясы» КММ-сі

Байланыс телефоны: 8775 479 00 50

2-16-11

Мекен-жайы: Құлан ауылы, Абай көшесі №11

Қосымша 1

Сұраныс

№	Мектептің атауы	Қатысушының аты-жөні	Жетекшінің аты -жөні	Сыныбы	Телефон нөмірі